

**УДК 378
ББК 74.58
S81**

Редакционная коллегия

*Шакирова С.М. - к.ф.н., и. о. директора Управления по науке
Сапаргалиев Д.Б. – PhD, зам. директора Управления по науке
Никифорова Н.В. - д.э.н., профессор, декан послевузовского образования*

Все статьи прошли проверку в системах Антиплагиат.ВУЗ - на русском языке, Turnitin.com - на английском языке, Advego Plagiatus v.1.2.093 – на казахском языке. Уникальность текстов не ниже 75%.

i – START. Предпринимательство: энергия молодых.

Материалы международной научно-практической конференции студентов и магистрантов 16-17 апреля 2015 г.- Алматы, Алматы Менеджмент Университет, 2015 – 320 с.

ISBN: 978-601-7021-36-8

**УДК 378
ББК 74.58
S81**

ISBN: 978-601-7021-36-8

iPAD ПЛАНШЕТИНДЕ ҚАЗАҚ ӘЛІПБІЛ АРҚЫЛЫ ТЛДІК Дағдыларды Қалыптастыру (Ұлытау мәдени-лингвистикалық лагерь тыңдаушыларына (қарапайым деңгей) арналған)

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық жөндерге шығу» [1] керек екенін баса айттып, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген.

Қазіргі таңда білім беруді ақпараттандыру мақсатында түрлі техникалық құрылғыларды пайдалану өріс алып келеді. Соңғы уақыттары, iPad білім беру мақсатында жиі қолданылуда. Себебі, iPad біздің қалауымызға байланысты өзгере алады. iPad-қа орнатқан электронды оқу құралдарының көмегімен, сабак беру әлдеқайда жөнілдейді. Бұл құрылғыны тек тыңдаушылар ғана емес, сонымен қатар оқытушылардың өздері де үнатауды [2].

iPad – бұл Apple жасап шығарған, планшетті компьютер, [3]. Бұл кәдімгі ноутбуктен кіші, бірақ үялы телефоннан біршама үлкен. iPad-тың бір түймесінен басқа пернетақталары жоқ, өйткені ол сенсорлы құрылғы. iPad Apple-дың iOS атты операциялық жүйесінің негізінде жұмыс істейді. Керекті кітапыңды оқи аласыз, әртүрлі виртуалды турларға шыға аласыз, сабакта байланысты видео ақпараттар көре аласыз, сонымен қатар

кез келген жерде қолдануға болады және өте ыңғайлы.

iPAD құрылғысымен көптеген шет ел оқытушылары сабактарын өткізіп, өздерінің жағымды өз алғандарынан пікір қалдырыды. Мысалы:

1. Amy Heimerl (Elementary Teacher, Park Avenue Elementary, Auburn, ME): «Маған өзімнің сабағымды iPAD-пен және iPAD-қа арналған қосымшалармен оқыту дәстүр болып кетті. Осы әдісті қолдана бастағаннан кейін менің оқушыларымның жетістіктері бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жоғарылады».

2. Brandi McWilliams (English Teacher, Inman High School, Inman, KS): «Оқушылар кітаптан оқығанын есін сақтай алмай қиналатын, ал iPAD-пен олар жаңаша ойлана бастады, өздерінің жаңа қырларын ашты. Бұл құрылғы сабак оқуға өте ыңғайлы. iPAD арқылы оқытуды жоспарыма қосқаныма өкінбеймін».

3. Kristi Meeuwse (Kindergarten Teacher, Drayton Hall Elementary School, Charleston, SC): «Біз iPAD-қолданғалы, менің оқушыларым 100% сабакқа келеді. Және менің 22 жылдық тәжірбиемде бұндай бірінші рет болды. Менің оқушыларым оқуды ұнатпайтын, ал қазір iPAD-тың қосымшаларымен кез-келген тақпакты оңай жаттап алады» [4].

ЭОҚ-на жазылған лебіздер (коментарийлер):

«Мен көрген ЭОҚ-ның ішіндегі ең әсерлісі және есімде қалғаны осы» AppStoreArcade.com

«Нарыққа шыққан ЭОҚ-ның ішіндегі пайдалысы» – TheiMum.com

«Мен бұл ЭОҚ 100% өзімнің достарым мен отбасыма ұсынамын» – TheiPhoneMom.com

«Өте жақсы әсер қалдырады» – 148apps.com

«Бұл ЭОҚ ойын мен сабактың үйлесімділігін жақсы көрсетеді» – AppsRumors.com

«TALKING ABC – ол оқушы ұзақ уақыт қолданатын, өте сүйкімді, көркем және интерактивті ЭОҚ» - BestAppsforKids.com [5]

Осы iPAD құрылғысында тек Apple техникалық өнімдеріне арналған App Store-дүкені арқылы жасалған түрлі электронды оқу құралдары бар. App Store — iPhone телефондарына, iPod Touch плеерлеріне және iPad планшеттеріне арналған әртүрлі қосымшаларды тегін немесе қаржылай жүктеуге жағдай туғызатын iTunes Store онлайн-әмбебап дүкенінің бөлімі. Бұл дүкенде біздің отандық және қазақ тіліне үйрететін қосымшалар тізімі аз.

Мысалы,

1) iMakal [6] - қазақша мақал-мәтелдердің жинағы.

2) Қазақша халық ертегілері [7] – халық ертегілерінің жинағы (жекілдетілген нұсқа).

3) Сөздер кітабы [8] – Абайдың «Қара сөздері»-нің жинағы (нақыл сөздер).

4) iSozdik [9] – қазақша-орысша онлайн сөздік.

5) БірЕкіҮш [10] – қазақ тілінде сандарды үйрететін жинақ.

6) Әліппе [11] – балаларға арналған әліппи (сурет салу және қазақ тілін үйрену құралы).

Осы тұста біз AppStore-да қазақ тілін үйрететін электронды оқу құралдарының жетіспеушілігін көреміз. Бұл электронды оқулықтар қазақ тілін түсіну мен үйрену үшін өте аз. Сонымен қатар, олардың сапасы көңілге қонбайды. Көріп түрғандай компьютерлік негізде қарапайым деңгей үшін 2-3 электронды оқу құралы бар. Бірақ, ол оқу құралдарының анимациясы, видеосы, аудиосы, тіпті суретінің сапасының нашарлығы үйренүшінің қабылдауына төмен әсер етеді.

«Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жайған жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машинын менгеруге дайын болуға тиіс» [12] – дейді өз жолдауында Н. Назарбаев.

Осы орайда, қазақ тілін үйретудің электронды оқу құралын дайындау бізге қызығушылық туғызды. Сөйтіп, осы идеядан «Зерде» деп аталағы оқыту кешені жоспарланып, оның бірінші бөлімі «қазақ әліппиіне» арналып отыр.

Бұл әліппидің ерекшелігі – табиғилығы мен тартымдылығында, көшірме мен жасандылықтан алыс, қазақ әліппиіне қатысты суреттердің барлығы қолмен салынған, анимацияланған және автор өзі дыбыстаған.

Қазақ әліппиін дайындағанда, ең алдымен алдында отырған тыңдаушыларды анықтап алған жөн. Мысалы, 3-6 жас аралығындағы тыңдаушыға арналған әліппе болса, дыбысталуы да бала тілімен дыбысталады, суреттері де сол жастағы тыңдаушының қабылдауындағы қызықты аталымдарды білдіретін сурет болып бейнеленеді және дыбысталады. Ал, «Ұлытау мәдени-лингвистикалық лагердің «қарапайым деңгей» тыңдаушыларына арналған қазақ әліппиіне үлттық нақышта, үлттың болмысын көрсететін суреттер салынып және ересек адамның дауысымен дыбысталды.

Білім беру жүйесінде жаңа технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту, әрбір тұлғаның қабілетін ашу мақсаттарын жүзеге асырады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» [13] екенін Елбасы атап көрсеткендей жас үрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны, яғни компьютер арқылы оқу үрдісінің тиімділігін арттыру мен онтайландырудың маңызы зор.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Демек, қазақ тілін қарапайым деңгейден бастап жалғастырушы деңгейге дейн тілдік дағдылардың барлығын қатыстыра отырып менгерту көзделу керек. Біз

бұл мақалада соның қарапайым деңгейін (қазақ тілінен еш хабары жоқ, әріптен бастап үйрету деңгейі) ғана негізге алдық.

Бұл iPad планшетінде қазақ әліпбій Алматы Менеджмент Университеті жанынан үйімдастырылған «Ұлытау мәдени-лингвистикалық лагердің «қарапайым деңгей» тыңдаушыларына арналған. Ең алдымен қарапайым деңгей тыңдаушылары үшін «қазақ әліпбій» жақсылап ұғыну маңызды. Қазақ әліпбій оқытудың ыңғайлы жүйесі мен тиімді құрылымын үйімдастыру әрбір оқытушының шеберлігі мен шығармашылығына байланысты.

Қазақ тілі ғылымның, техниканың тіліне айналмайынша, оның көсегесі көгерे қоюы неғайбыл [14].

Қазақ әліпбій үйретуді мақсат еткенде ең алдымен тыңдаушыға әріптердің таңбалануын және оның дұрыс жазылуын, сондай-ақ қалай дыбысталаудың тиімді жағын қарастырған жөн. Яғни қазақ әліпбійнің орфографиялық және орфөпиялық нормаларын тілдік дағылар: жазылым, тыңдалым, айтылым, оқылым арқылы қалыптастыру – басты шарт. «Сөз – тілдің құрылышы материалы. Тыңдаушы ең алдымен сөлеу үшін тілдік дыбыстың құрылышын менгеруі қажет. Ол үшін дыбыстарды дұрыс айтуда жаттығады. Сондықтан iPad планшетінде берілген әріптердің дыбысталаудына елкітей отырып, қазақ тілінің фонетикасын, сөздерге түсетін екпінді интонацияны, сөздерді дұрыс оқуды менгереді, жаттығады.

Әліппе сабактарында тыңдаушыларға дыбыстардың дұрыс айттылу жолдары үйретіліп, олардың сөйлеу мүшелері жаттықтырылады [15].

Тілді үйретуге қатысты жұмыстардың бірі тыңдаушының ой белсенделігін, қызығушылығын, тілге деген ынтысЫн арттыратын болуы керек. Тілді үйренуде тыңдаушының қабылдау процесінің қазметі ерекше. Психологиялар қабылдаудың көру, сезу, есту түрлерін белгіледі.

Қазіргі уақытта сабакта қойылатын талаптар түрғысынан техникалық құралдарды пайдалану арқылы тыңдаушылардың көру, есту сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін арттыру дағыла айналып отыр.

iPad планшетінде қазақ әліпбій үйретуге арналған бейнелер мен құмылдар тыңдаушылардың әртүрлі әрекетіне бейімделеді. Көрген, естіген материалдарын саналы түрде менгеруге ықпал жасайды. Тыңдаушының түрлі сезім мүшелеріне әсер етуде техникалық құралдардың әсері күшті екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Сондықтан, тыңдаушының сезім мүшелерінің бәрін іске қосу арқылы тіл үйретудің мәні зор.

iPad планшетінде орнатылған «қазақ әліпбій» үйретуге арналған анимацияландырылған бейнелер, дыбыстаулар мен түрлі-түсті суреттер тыңдаушының көру, есту, сөйлеу мүшелеріне әсер етіп, зейінің бір мәселеге аудартуды және қабылдағанын ойлау, жазу, айтуда арқылы жүзеге асырады.

Технологиялық құралдар тыңдаушыны қызықтыру, сабак уақытын тиімді пайдалану қызметін атқарады. Ол тыңдаушы зейінің үйімдастыруды да маңызды. Әрі көру, әрі есту, әрі ойлау сияқты бірнеше сезіну түрлерінің қатысы тілдік мәліметтің ұзақ сақталуына әсер етеді.

Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінде жаңа технологияларыз бұрынғы дәстүрлі оқыту арқылы алдында отырған тыңдаушыға білімді толыққанды менгерту жеткіліксіз және қызықсыз. Өйткені бұл ғасыр – ақпараттық жүйелер ғасыры.

Білім беру саласында қажет ақпараттарды қызықты етіп даярлап, оны білім алушыларға беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологиялардың тигізер пайдасы көп.

Болашақ үрпақтың шығармашылығы мол, іскер әрі талантты, еркін дамуына, жан-жақты білім алуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де ақпараттық технологиялардың маңызы зор.

iPad планшетінде – оқытушы жұмыстарының әдістері мен үйімдастыру түрлерін түбегейлі өзгертуге, тыңдаушылардың жеке қабілеттілігін дамытуға, оқудағы пәнаралық байланысты күштейтуге, оку үрдісін үйімдастыруды үнемі жаңартып отыруға мүмкіндік береді.

Инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудағы оқытушы іс-әрекетінің құрылымы және оның құрылымдық компоненттері:

Мотивациялық; инновациялық білім беру технологияларына қызығушылықтың болуы;
инновациялық білім беру технологияларының тұлғалық мәнін түсініу;

инновациялық білім беру технологияларын менгеруге қажеттіліктің болуы;

инновациялық білім беру технологияларын пайдалануға ынтаның болуы [16].

Сүгgestия (Г. Лозанов бойынша) – сергектік жағдайда адамға негізінен тікелей емес, коомуникативті әсер ету құралы.

Сүгостопеяның негізгі міндеттері мынадай:

- Оқыту қуаныш әкелуі, бірақ қысым тудырмасу тиіс;
- Оқытууды саналы әрі жоғары сапалы деңгейлерде іске асырған жөн;

Ақпараттық технологияларды пайдалану – бұл әрбір тыңдаушының жеке әрекетіне негізделген, өзін-өзі толықтыратын, оку үрдісіне тыңдаушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту үрдісін үйімдастыру болып табылады [17].

Тыңдаушы iPad планшетінде қазақ әліпбій үйренуде ақпараттық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерін пайдалануда тәмендеғідей нәтижеге қол жеткізуғе болады:

- тыңдаушылардың жаңа ақпарат көздерін қабылдауына жол ашады;

- ақпараттық технология мүмкіндітерін қолданып, өз бетімен білімін толықтыруға дағдыланады;
- тыңдаушылар әріптердің дұрыс таңбалануын көре отырып, сауатты жазуға тырысады;
- әріптердің дұрыс айтылуын тыңдай отырып, сауатты сөйлеуге талпынады;
- әрбір әріпке берілген адам есімдері мен зат атауларын көру және тыңдау арқылы сөздік қорларын молайтады;

- анимацияланған бейнелерді көру арқылы білім алудың нәтижелілігін, тиімділігін көтереді; - оқыя
деген ынтымасы жоғарылап, өздігінен жұмыс жасауға әддептенеді;

- оқу үдерісін қарқынды дамыту мен уақытты тиімді пайдалану сапасын арттырады;

Осы аталған қабылдау нәтижелер негізінде тілдік дағдыларды (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) қалыптасып, бекіді.

«Инновациялық іс-әрекет құрылымындағы әрекеттер Оқытушының инновациялық білім беру технологияларын іске асыру үрдісінде пайдаланылуы қажет:

1. Инновациялық білім беру технологияларын таңдап алу;
2. Инновациялық білім беру технологияларын пайдалануға қажетті шарттарды анықтау;
3. Нақты педагогикалық жағдай үшін инновациялық білім беру технологияларын жобалау;
4. Инновациялық білім беру технологияларының нәтижелерін болжай;
5. Біртұтас білім беру үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу [18].

Қорыта айтқанда, iPad планшетінде қазақ әліпбій «қаралайым деңгейге» үйрету арқылы тыңдаушылардың іс-әрекет өзіне бағытталған жағдайлар туғызыу, өз пікірін ашық айта алатын, оны өзі дәлелдей білетін, емірле деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан өкілдер шығады.

Демек, жаңа ақпараттық-технологиялық әдіс тәсілдерді пайдалану, білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы. Оқыту үрдісінде тыңдаушылардың білім қорын молайтуға, белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі зор. Сондықтан тыңдаушыларға iPad планшетінде қазақ әліпбій мемгерту – тілдік дағдыларын (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) қалыптастырудың бір көзі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы – Алматы, 2008
2. <http://www.apple.com/education/ipad/>
3. [http://www.techterms.com/definition/apple\)](http://www.techterms.com/definition/apple)
4. <http://www.apple.com/education/ipad/teacher-stories/kristi-meeuwse/>
5. <https://itunes.apple.com/app/abcdesk/id508771355?mt=8>
6. <https://itunes.apple.com/kz/app/imakal/id448031475?mt=8>
7. <https://itunes.apple.com/kz/app/kazahskie-narodnye-skazki/id477441461?mt=8>
8. <https://itunes.apple.com/kz/app/id486447474?mt=8>
9. <https://itunes.apple.com/kz/app/isozdik/id456582670?mt=8>
10. <https://itunes.apple.com/kz/app/bir-eki-ys-govorim-cifry-po/id492497717?mt=8>
11. <https://itunes.apple.com/us/app/id495492801?mt=8>
12. Назарбаев Н. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына Жолдауы. «Егemen Қазақстан» - Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан
13. Назарбаев Н. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында. Қазақстан халқына жолдауы // «Егemen Қазақстан» - Астана қ. 2005 жылғы 19 ақпан
14. ҚР мемлекеттік хатшысы О. Әбдікәрімов: «Қазақ тілі – қоғамның іргетасы әрі жұмылдыруышы күші мен деңгейі». // Орталық Қазақстан. 15 наурыз 2005
15. Молдабекова Н.С. «Саят ашуда әліппе кезеңін оқытудың әдістемелік негіздері»)7 пед.ф.к. дисс. Алматы, 2009.
16. Әуезов Ә.Е. Мектептің оқу үрдісінде инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың педагогикалық шарттары пед.ф.к. дисс. Астана, 2005, 73 б.)
17. Батыс Қазақстан Гуманитарлық Академиясының Хабаршысы (Фылыми журнал) Орал, 2013 «А. Байтұрсынұлы және заманауи білім беру мәселелері» атты халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары. 11-12 сауір, 2013 ж.
18. Әуезов Ә.Е. Мектептің оқу үрдісінде инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың педагогикалық шарттары пед.ф.к. дисс. Астана, 2005, 55 б.

Қысқартылған сөз: ЭОҚ-Электронды оқу құралы